



АҚШ пен ЕУРОПА

байланысы қайта қарала ма?

2

САРАПТАМА



Реформаның шешуші кезеңі:

ҮКІМЕТ МАҚСАТЫ –

ұлттық экономиканы өркендету

3

МӘСЕЛЕ



БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ:

студент-жастарға мемлекеттік қолдау артады

8

МЕГАПОЛИС

ТАБЫСТЫ ТУРИСТІК БАҒЫТ

Өткен жылдың үш тоқсанында Алматыға 1,7 миллион адам келген

Алматының туризм саласы 2024 жылы айтарлықтай өсім көрсетті. 2024 жылдың үш тоқсанында Алматыға 1,7 миллион адам келді, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 14,2%-ға көп. Қонақтар санының артуы қала экономикасына тікелей әсер етті: туризм саласынан түскен салықтық түсімдер 11 айда 85,5 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылғы көрсеткіштен 2 есеге артты.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Негізгі капиталға салынған инвестиция 92,9 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 12%-ға өсті. Жеке қаражат есебінен қалада 35 жаңа орналастыру нысаны ашылды, оның ішінде 20 қонақүй, 4 глэмпинг, 8 хостел және 3 қонақүй бар. Бұл 836 бөлме қосып, туристерді қабылдау инфрақұрылымын айтарлықтай нығайтты.

Бұл нәтижелер Алматының жоғары инвестициялық тартымдылығын және бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау бағытындағы тиімді жұмысты көрсетеді. 2025

жылы қала инвесторларды тартуды, туристік инфрақұрылымды дамытуды және халықаралық аренадағы орнын нығайтуды

жалғастырып, Алматыны Орталық Азияның жетекші туристік бағыты ретінде одан әрі ілгерілетуді жоспарлап отыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №3 (6565) 14 қаңтар, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

2025 ЖЫЛ:

«ТОП-7» САЯСИ ОҚИҒА

2024 жылы бірнеше маңызды саяси оқиғалар орын алғаны белгілі. Қазақстанның ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық ұйымдарға төрағалығы аяқталды. Соған орай елімізде ірі саммиттер өтті. Саммиттер аясында Қытай, Ресей басшылары мемлекеттік сапармен келді. Ішкі саясатта Президенттің сұхбаты, Жолдауы сияқты маңызды оқиғалар болды. Биылғы жыл да саяси оқиғаларға толы. Ендеше, еліміз үшін маңызды деген сол оқиғаларды саралап көрейік.

2



ҰЛЫ
ЖЕҢІСКЕ
80 ЖЫЛ!



2025

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

МЕГАПОЛИС

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

14.01.2025

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

15.01.2025

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

16.01.2025

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





2025 жыл: «ТОП-7» САЯСИ ОҚИҒА

(Басы 1-бетте)

Саяси реформа жалғасады

Биылғы басты саяси оқиға – 3 қаңтарда Президенттің «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты екені сөзсіз. Онда Мемлекет басшысы өткен жылға қорытынды жасап, 2025 жылға жоспарымен бөлісті. Қоғамда қордаланған сұрақтарға жауап берілді. Сұхбат қоғамда, ақпараттық кеңістікте қызу талқыланды. Оған байланысты пікір әралуан екені байқалады. Десе де, сұхбат қоғаммен байланыс құралы ретінде жаңа саяси дәстүрге айналып бара жатқанын ешкім жоққа шығармас. Себебі, онда қоғамда талқыланып жатқан барлық мәселелерге жауап бар.

Сұхбатта «саяси реформалар тұралап қалды» деген пікірге жауап берілген. Президенттің жауабынан саяси реформа жалғаса беретінін, бірақ біртіндеп жүзеге асатынын байқауға болады. Қазір қоғамда, әсіресе, кәсіби ортада мемлекеттік басқару формасына байлынысты талқы жүруде. Басым көпшілік парламенттік республиканы қолдайды. Мемлекет басшысы сұхбатында президенттік басқару формасы біз үшін тиімді деген пікірді алға тартқан. Шынында да, еліміздің саяси дәстүрі мен тарихы бір тұлға төңірегінде топтасуға бейім екенімізді көрсетеді. Бірақ мұнда бір нәрсені ескеру қажет. Кез келген басқаруда абсолютизмге жол бермеу керек.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы

Біз өмір сүрген «суперпрезиденттік» басқару сыртқы сын-қатерлерге бейімделу үдерісін баяулататынын көрсетті. Сондықтан «Күшті Президент – ықпалды парламент – есеп беретін үкімет» формуласы еліміздің қазіргі даму кезеңінде өте қажет. Келесі кезеңде бұған «әділ сот» енуі мүмкін. Қазір түрлі сарапшылар биыл болатын саяси оқиғалардың тізімін жасауда. Біз де көштен қалмай, өз болжамымызды жасап, ұсынып отырымыз. Биылғы ТОП жобамызға төмендегідей оқиғалар енді:

1. Президенттің қатысуымен өтетін Үкіметтің кеңейтілген отырысы. Үкіметтің отырысы өтетіні жайлы Президент өз сұхбатында хабарлаған еді. Жиында өткен жылға жалпы қорытынды жасалып, Үкімет отырысынан кейін кадрлық өзгерістер болуы мүмкін.

2. Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы. Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы биыл Көкшетау қаласында өтеді. Жылда өтетін жиында идеологиялық саладағы мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, Президент атқарылу тиіс тапсырмалар береді.

3. Президенттің кезекті Қазақстан халқына Жолдауы. Әдеттегідей Жолдау қыркүйек айында жариялануы мүмкін. Осылайша жаңа саяси маусым ашылады.

4. Аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау. Президент 2024 жылғы Жолдауында аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтетіні туралы мәлімдеген еді. Бұл саяси реформа жалғасатынын көрсетеді.

5. ҚХА-ның 30 жылдығы. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылған. Биыл 30 жылдығын атап өтеді. Бұл оқиға жоғары деңгейде атап өтілетініне күмән жоқ. 2022 жылғы конституциялық реформадан кейін саяси ықпалы азайған ҚХА саяси институт ретінде маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

6. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл болады. Елімізде бұл оқиға жоғары деңгейде атап өтілмек. Бірақ бұрынғыдай емес. Оның идеологиялық сипаты жыл өткен сайын өзгеруде. Мұны саяси риторикадан да байқауға болады. «Ұлы Отан соғысы» сөзінің орнына «Ұлы Жеңіс» ұғымы қолданылуда.

7. Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көш-басшыларының VIII съезді. Аталмыш шара имидждік қана емес, ішкі саяси маңызды оқиға.

Әкімдерді тікелей сайлау

Биыл жоғарыда айтқанымыздай, елімізде барлық аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланады. Бұл да саяси реформаның тұралап қалмағанының айғағы. Әкімдерді тікелей сайлау туралы Қасым-Жомарт Тоқаев бытырғы Жолдауында мәлімдеген еді. 2021 жылдан бері ауыл әкімдері сайланып келді. 2023 жылы аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тұңғыш рет сайланды. Сайлау арқылы 45 әкім қызметіне кірісті.

• **Биылдан бастап бір жүйе енгізіліп, барлық аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланбақ. Әкімдерді тікелей сайлау маңызды саяси реформа екені сөзсіз. Иә, бастапқыда кемшіліктер болуы мүмкін. Алайда, ең бастысы бұл бағытта нақты қадам жасалды.**

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

АҚШ пен ЕУРОПА байланысы қайта қарала ма?

Бүгінгі таңда жаһандық саясаттың өзара тығыз байланысты екендігі соншалық, бір елдегі саяси өзгерістер тұтас әлемдік саяси тұрақтылыққа тікелей ықпал етуде. Жаһандық саясаттың тұрақтылығының нышаны – халықаралық құқық үстемдігі болса, бүгінде халықаралық құқықтық институттардың діңгегі шайқалуда.

Халықаралық құқық нормаларына қайшы қадамдар

Бір аптадан кейін ресми қызметіне кірісетін АҚШ-тың 47-президенті Д.Трамп билігінің тек америкалық қоғам үшін емес, тұтастай алғанда, АҚШ-тың әлемдік саясаттағы ықпалы мен рөліне байланысты маңызы артып отыр. БАҚ өкілдеріне берген сұхбаты мен әлеуметтік желідегі парақшасындағы мәлімдемелері қазірдің өзінде ешкім күтпеген, тіпті халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін мәлімдемелерге толы.

Дональд Трамп командасының Дания құрамына кіретін Гренландия аралы, Панама каналы және Канада туралы мәлімдемелерін ел назарын аударуға бағытталған саяси қадам деп түсінгенімізбен, бұл мәлімдемелер соңғы 80 жыл бойына жұмыс жасап келе жатқан халықаралық құқық нормаларына қайшы келеді.

Сонымен қатар, бұл қадамдар АҚШ сынды елдің халықаралық саясаттағы сенімділік деңгейіне тікелей ықпал етпек. Мақаламызда халықаралық құқықтың сақталуы мен оның ықпалын талдап көрелік.

Америка үшін ел территориясын кеңейтудің қандай қажеттілігі бар?

Соңғы онжылдықта, жаһандық саясатта популизм саяси құбылыс ретінде орнықты. Қоғамдық дипломатияның ықпалының артуында цифрлы желілердің маңызы артты. Азаматтар



(Дереккөз: www.midjourney.org).

- **Трампың билікке қайта келуінің ерекшелігі – заң шығарушы институт Конгресте республикалық партияның басымдыққа ие болуында.**
- **Украин мен Ресей арасындағы соғысты бір тәулік ішінде тоқтатамын деген уәдесі, тек уәде күйінде қалып отыр.**
- **Халықаралық жүйе үлкен дағдарыс алдында тұр.**
- **Қазақстан «орта держава» елі ретінде әлемдегі барлық саяси мәселелердің халықаралық құқық тұрғысынан шешілуін қолдайды.**

үшін ресми мәлімдемелерге қарағанда, саясаткерлердің әлеуметтік желі парақшаларында жариялаған ақпараттарының ықпалы күшті болып отыр.

Халықтың қолдауы мен назарына ілігу үшін саясаткерлер түрлі әдістерге жүгініп, ықтималдылығы өте төмен уәделерді үйіп төгуде. Д.Трампың соңғы кездері Канада мен Данияға

қарата жариялаған негізсіз мәлімдемелерінде екіұшты саяси мүдде жатыр. Біріншісі, өзін саясаткер, әлемдік саясатқа ықпалды тұлға ретінде көрсету болса, екіншісі жергілікті халықтың алдында америка мүддесін барлығынан жоғары қоятын, отаншыл тұлға ретінде көрінуге талпыныс.

Шындығында, Канада да, Дания да НАТО

ұйымының толыққанды мүшесі, АҚШ-пен экономикалық, мәдени тұрғыда байланысы мығым елдер. Алайда, практикалық тұрғыда, өзге суверенді елдің біртұтастығына қол сұғу мүмкін емес болғанымен, дипломатиялық тұрғыда Еуропалық Одақ пен АҚШ арасындағы байланыстың алдағы бес жыл көлемінде жаңа бір фазаға енетіні айқын болып отыр.

Еуроатлантикалық байланыстың бірлігі бекем бе?

Еуропа мен АҚШ байланысы Атлант мұхитының қос жағалауында орналасқандықтан еуроатлантикалық байланыс аталып келген. Соңғы бір ғасыр көлемінде әлемдік тәртіптің орнығуы жолында ортақ көзқарас ұстанып, бір-бірін қолдап келді. Десе де, бұл дәстүр Д.Трамп билігі қарсаңында жалғасуы екіталай. Біріншіден, өткен аптада Франция президенті Э.Макрон баспасөз конференциясында Францияда өткен сайлауда И.Маскқа тиесілі Х әлеуметтік желісі ақпараттық интервенция жасады деп айыптады.

И.Маск тарапынан Англия Премьер министрі Стармерге және бірнеше еуропалық саясаткерлерге қарата бірнеше сын да айтылды. Екіншіден, Еуропалық Одақ елдері мен Ақ үйдің жаңа басшылығы арасында Украина жеріндегі соғысқа байланысты ортақ ұстаным қалыптаспай отыр. Қазірге белгілісі Д.Трамп әкімшілігі Украин тарапын әскери тұрғыдан жұымдық батыстың қолдауы тиімсіз әрі негізсіз деп есептесе, ЕО одақ елдері үшін Украинаның біртұтастығы стратегиялық маңызға ие ұстаным болып отыр. Украина жеріндегі бейбітшіліктің біржола орнығуы, Еуропа мен АҚШ арасындағы өзара түсінікке негізделген байланысқа тікелей байланысты. Сәйкесінше, Еуроатлантикалық байланыстың негізі де Украина мәселесі аясында анықталмақ.

Жаһандық саясатта құқық үстемдігіне алып келетін негізгі шешім

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы мамыр айында Сингапурдың Ицках Юсуф атындағы халықаралық саясат институтында өткен 46-дәстүрлі лекциясында халықаралық саясатта құқық үстемдігін қалыптастыруда «орта держава» елдерінің маңызына ерекше тоқталған болатын. Әлемдік тәртіпті бірнеше ұлы державалар қолына шоғырландыру стратегиялық тұрғыда тиімсіз екендігін көрсетті.

Сәйкесінше, БҰҰ сынды маңызды халықаралық институттың әлеуеті түскенін бағамдауға болар. Ендігі жағдайда Қазақстан, Сингапур, Германия, Швецария сынды тағы басқа да орта держава статусындағы елдердің халықаралық саясаттағы ықпалы мен белсенділігі халықаралық саясаттағы құқық үстемдігіне алып баратын негізгі шешім болмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРДІ

Биылдан бастап Оқу-ағарту министрі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы бірлескен бұйрығымен мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарын тағайындау және қызметтен босату ережелерінің жаңа редакциясы бекітілді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бекітілген ережеге сәйкес, ендігі жерде мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысын тағайындау немесе қызметке қабылдау жұмыс берушінің шешімімен Еңбек кодексінің 139-бабының 1-тармағы негізінде тағайындау немесе конкурс арқылы жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысын жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу және жұмыс берушінің актісін шығару арқылы жүзеге асады. Үміткерлерді сертификаттау білім саласындағы Үкілетті орган анықтайтын ұйым арқылы ақылы түрде жүргізіледі.

Сондай-ақ, сертификаттау электронды форматта өтіп, 180 минут ішінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы бойынша 48 тест сұрағына жауап беру қажет. Өту деңгейі – 50%. Сертификаттың жарамдылық мерзімі – 1 жыл. Конкурс нәтижесі бойынша бірінші басшы 5 жыл мерзімге тағайындалады. Педагогтарды жұмысқа қабылдау «Ұлттық деректер қоры» ақпараттық жүйесіндегі «Педагогтарды жұмысқа қабылдау» модулі арқылы жүзеге асырылады. Егер мұндай жүйе болмаса, құжаттар қағаз жүзінде қабылданады. Бұл ережелер 2025 жылғы 7 қаңтардан бастап күшіне енеді.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ӘКЕ ШАПАҒАТЫ»

Қ.Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназияда «Әке шапағаты» деп аталатын «дөңгелек үстел» өтті. «Дөңгелек үстел» жұмысын Медеу ауданының білім бөлімі ұйымдастырып, оған аудандағы білім мекемелерінің жауапты қызметкерлері қатысты.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші, бұл жолы аталмыш «дөңгелек үстелдің» болмысы да, мазмұны да өзгеше болды. Онда қоғамдағы жалғызбасты әкелердің тағдыры, отбасындағы тауқыметі кенінен сөз болды. Шыны керек, бұл бұрын қоғамда жабулы, көтерілмей келген мәселе болды. Жиналғандар қоғамдағы жалғызбасты әке мәселесін ашық талқылап, олардың құқығы мен мүмкіндігін анықтауға барынша күш салды. Отбасының барлық күйкі тіршілігін көтеріп, өзі әке, өзі ана болып отырған жандардың қоғамдағы әлеуметтік әділеттілігін арттырудың тетіктерін қарастырды.

Аталған іс-шараға арнайы келген Ерлан Шалбаев, Алексей Сапрыкин, Рүстем Кашапов сынды жалғызбасты әкелер өз өмірлеріндегі кездескен қиындықтар туралы әңгімелеп, видеороликтер арқылы өздерінің күнделікті өмірлерімен таныстырды. «Дөңгелек үстелдің» құрметті қонағы Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы әңгімелеп, отбасының жүгін көтеріп отырған жалғызбасты әкелерге алғысын білдірді. Арнайы шақырылған әлеуметтік сала қызметкерлері қоғам үшін өзекті мәселеге айналып отырған жалғызбасты әкелерге қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, әкелерге арнап әкелген сый-сияпаттарын табыстады.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Реформаның шешуші кезеңі:

ҮКІМЕТ МАҚСАТЫ –

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРКЕНДЕТУ



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қазіргі кезеңде еліміз түбірлі саяси-әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру үстінде. Әрі бұл реформалар нақты мақсаттарға ұмтылуды көздейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған 2029 жылға дейін жалпы ішкі өнім көлемін екі есеге дейін арттыру мақсаты да сол қатарда. Халықаралық валюта қоры 2025 жылы Қазақстан экономикасы 4,6 пайыз мөлшерінде өсетінін болжап отыр. Президент өзінің отандық басылымға берген соңғы сұхбатында еліміз үшін 4 пайыздық өсімнің аздық ететінін де айтқаны бар. Бағамдап қарасақ, реформалар жолға қойылды, енді міне, оны жүзеге асырудың ең жауапты кезеңіне жеткендейміз. Осы тұста үкіметтің мойнындағы жүк тіпті де ауырлай түсетіндей. Олай болса, Үкіметтің биылғы экономикалық міндеттері қандай болмақ? Экономиканы дамыту мен әл-ауқатты арттырудың сенімді жоспарлары бар ма? Әңгіме осы сауалдар төңірегінде өрбімек. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, «ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет... Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет».

Ең салмақты
үш қиындық

Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты тұғырын бекітіп келеді. «Үкіметтің міндеті – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту» (Президент сұхбатынан. «Ана Тілі») болғандықтан, көздеулі меже алдында Министрлер кабинетінің міндеті ауыр екені баршаға түсінікті. Экономикалық өсім мен халықтың жағдайын жақсартуда үкімет тап болған ең салмақты қиыншылықтарды осы арада атай кеткен жөн. Оның ең салмақтысы – экономикалық ауытқулар. Пандемия тұрақты өсім үрдісін бұзды және оның үстіне Украинадағы жағдай да экономикамыздың ең сезімтал тұстарына әсер етті. Осының бәрі жиналып экономиканың дағдылы өсім қарқынында ауытқуларды тудырды. Бұл негізі бізбен қатар көптеген елдер тап келіп отырған қиыншылық.

Екіншісі – сыртқы факторлардың кері әсері. Мұнай бағасы мен жаһандық сауда нарығы геосаяси ахуалға байланысты құбылып тұрғандықтан, бұлар біздің орта мерзімді перспективадағы стратегиямызда тәуекелдерді күшейтті. Инфляция, теңге бағамы секілді экономиканың сезімтал тұстары да сыртқы факторлардың әсеріне оңай ұшырайтыны тағы бар. Үшіншіден, соңғы жылдардағы экономикалық күйзеліс қыспағындағы ел

халқы мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж күйде.

Міне, осы салмақты мәселелермен күресе отырып, Үкіметтің реформалар талабынан шығуы ауыр міндет екенін мойындаймыз. Дегенмен, біздің нақты межелеген мақсатымыз және оны жүзеге асыруға лайықталған стратегиямыздың бар екенін ұмытпаған жөн. Яғни мемлекет нарықтық экономика талаптарына сай нарықтағы рөлін біртіндеп төмендетеді. Әрі ойыншы, әрі реттеуші ретінде де мемлекеттік рөлінің біртіндеп төмендеуі ел нарығында ішкі және сыртқы инвесторлардың ынтыасын арттырады. Қазір кейбір салалар онсыз да мемлекеттік араласуды шектеудің қажет екенін көрсете бастады.

Айталық, энергетика мен инфрақұрылымдық салалар. Жылу және электрмен қамтамасыз етуде инфрақұрылымдардың ескіруі 2022-2023 жылдары өзінің салмақты әсерін байқатты. Екібастұздағы жағдайдан кейін және барлық өңірлердегі, ірі қалалардағы инфрақұрылымдық нысандардың күйіне қатысты жағдай да сол қатарда. Бұл осы салалардағы бағаны мемлекеттің реттеуінен туған нәтиже екені көпке түсінікті. Мұндай жағдайда да мемлекеттің бірден еркін бағаға жол қоюы тұтынушыларға оңайға соқпайды. Экономиканың барлық салаларындағы үкіметтің басты қиыншылықтары да осы шамада. Яғни үкіметтік араласуды болдырмау мен оның салдарына төтеп беру арасында үкімет дәрменсіз күйде тұр.

Батыл да нақты қадамдар
шешуші рөл атқармақ

Мемлекет басшысының елдегі экономика жетекшілерінің ісін «орташа» деп бағалауы және одан кейін жасалған Президент әкімшілігіндегі құрылымдық өзгерістер алдағы қадамдардан хабар береді. Президент сөзінде «Олар халықаралық қаржы институттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижесі бар шаруа шамалы болып отыр. Қазір өңірлердегі ахуалды және экономиканың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін жақсы білетін, яғни жергілікті жерде еңбек етіп, ысылған мамандар қажет» деді. Бұдан кейін Президент Әкімшілігінің бірінші орынбасары лауазымын қалпына келтіре отырып, оған Түркістан облысын басқарып келген Дархан Сатыбалдыны тағайындады. Яғни Мемлекет басшысы жағынан ендігі жерде реформаның ең шешуші кезеңдерінде үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің басты стратегияға сай жұмыс істеуіне баса мән берілетінін бағамдауға болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, үкімет халықтың нақты әлеуметтік жағдайы мен реформаның маңызды қадамдарын алға ілгерлету арасында тосылып тұр. Былай тартса халықтың наразылығына тап болудан алаңдайды, ал кері тартуға реформа қадамдары уақыт күттірмейді. Президенттің батыл да нақты шешім қабылдауға ұдайы шақыруы осы тұста өз мәнін көрсетіп отырғандай. Былайша айтқанда, үкімет жетекшілерінен батыл қадам жасай отырып, нарықтық экономиканың маңызды тетіктерін орындап шығуды, сол арқылы еркін нарықты қамтамасыз етіп, экономикалық жоғары өсімге қол жеткізуді талап етіп отыр. Егер үкімет осы ауыр міндеттің үдесін шыға алса, онда жалпы ішкі өнімді екі еселеу сынды негізгі мақсатқа даңғыл жол ашылары анық.

Дәл осы тұста үкімет үшін бірінші қадам қоғаммен диалог екені көзге көрінеді. Яғни өз мақсаты мен іс-әрекетін қоғамға жете түсіндіру аса маңызды. Айталық, жоғарыда мысал еткен энергетика саласында тарифтерді еркін жіберудің маңызы, мәні және оның нәтижесі жайында халыққа жете түсіндіргені оң. Бұл содан кейін жасалатын нақты шешімдер мен батыл қадамдарға жол ашпақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

ХҚКО

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

Алматы қаласының Түрксіб ауданында балалар және спорт алаңдары бар жаңа қоғамдық кеңістік ашылды.

Алматыда бос учаскеде жаңа демалыс аймағы пайда болды. Балалар және спорт алаңдары бар қоғамдық кеңістік Түрксіб ауданындағы Боралдай көшесі, 73 мекенжайда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша салынды. Жоба аясында жаңа балалар ойын кешендері, спорттық снарядтар, орындықтар мен урналар орнатылды, көше жарықтандыру желілері жүргізілді. Сонымен қатар, тұрғындарға ыңғайлы болу үшін қоршау құрылымдары мен тұрақ аймағы жабдықталды.

Айта кетейік, 2025 жылы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсыр-



масы бойынша ауданның әр түкпірінде «Халық қатысатын бюджет» бағдар «ХҚБ» бағдарламасы бойынша 2024 жылы жобаға 18,8 млрд теңге бөлінді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5,8 млрд

теңгеге артық. Алматылықтар аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және балалар алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алды.

ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

2024 жылы 10 жаңа жобаны жүзеге асырды

Мегаполистің экономикалық дамуын ынталандыру және өндірістік кәсіпорындарды қолдау мақсатында құрылған Алматы индустриялық аймағы – қаламыздың бәсекеге қабілетті өндірістік секторын дамытуға және шетелдік, отандық инвестицияларды тартуға бағытталған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматының индустриалды аймағында жалпы құны 25,17 миллиард теңге болатын 10 жоба жүзеге асып, 1319 жұмыс орны ашылды. Олардың ішінде 5 өндірістік кәсіпорын бар. Атап айтқанда, тұрмыстық химия және

жеке гигиена құралдарын шығаратын зауыт, халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын өндіретін зауыт, толық циклді темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт, автомобильдерге арналған электронды аудио және бейне жабдықтарын өндіретін зауыт және кабельдік-өткізгіш өнімдер шығаратын өндірістік кешен.

Өндірістік кәсіпорындармен бірге 2024 жылы Алматының ин-

дустриалды аймағында ауданы 3000-нан 5100 шаршы метрге дейінгі 5 шағын өнеркәсіптік парк салынды. Бұл нысандарды салуға жеке инвесторлар 2,27 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсады. Бұл жобалар аясында 614 жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Айта кетейік, Алматының индустриалды аймағының қатысушылары құны 556,8 миллиард теңге болатын 107 компания ашып, 14 496 жұмыс орнын құрған. 2016–2024 жылдар аралығында Алматының индустриалды аумағында жалпы сомасы 139,1 миллиард теңге болатын 40 жоба жүзеге асырылды. Бұл кәсіпорындарда 4403 жұмыс орны ашылды.

ХҚКО

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

Алматы қаласының Түрксіб ауданында балалар және спорт алаңдары бар жаңа қоғамдық кеңістік ашылды.

Алматыда бос учаскеде жаңа демалыс аймағы пайда болды. Балалар және спорт алаңдары бар қоғамдық кеңістік Түрксіб ауданындағы Боралдай көшесі, 73 мекенжайда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша салынды. Жоба аясында жаңа балалар ойын кешендері, спорттық снарядтар, орындықтар мен урналар орнатылды, көше жарықтандыру желілері жүргізілді. Сонымен қатар, тұрғындарға ыңғайлы болу үшін қоршау құрылымдары мен тұрақ аймағы жабдықталды.

Айта кетейік, 2025 жылы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсыр-



масы бойынша ауданның әр түкпірінде «Халық қатысатын бюджет» бағдар «ХҚБ» бағдарламасы бойынша 2024 жылы жобаға 18,8 млрд теңге бөлінді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5,8 млрд

теңгеге артық. Алматылықтар аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және балалар алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алды.

ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

2024 жылы 10 жаңа жобаны жүзеге асырды

Мегаполистің экономикалық дамуын ынталандыру және өндірістік кәсіпорындарды қолдау мақсатында құрылған Алматы индустриялық аймағы – қаламыздың бәсекеге қабілетті өндірістік секторын дамытуға және шетелдік, отандық инвестицияларды тартуға бағытталған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматының индустриалды аймағында жалпы құны 25,17 миллиард теңге болатын 10 жоба жүзеге асып, 1319 жұмыс орны ашылды. Олардың ішінде 5 өндірістік кәсіпорын бар. Атап айтқанда, тұрмыстық химия және

жеке гигиена құралдарын шығаратын зауыт, халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын өндіретін зауыт, толық циклді темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт, автомобильдерге арналған электронды аудио және бейне жабдықтарын өндіретін зауыт және кабельдік-өткізгіш өнімдер шығаратын өндірістік кешен.

Өндірістік кәсіпорындармен бірге 2024 жылы Алматының ин-

дустриалды аймағында ауданы 3000-нан 5100 шаршы метрге дейінгі 5 шағын өнеркәсіптік парк салынды. Бұл нысандарды салуға жеке инвесторлар 2,27 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсады. Бұл жобалар аясында 614 жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Айта кетейік, Алматының индустриалды аймағының қатысушылары құны 556,8 миллиард теңге болатын 107 компания ашып, 14 496 жұмыс орнын құрған. 2016–2024 жылдар аралығында Алматының индустриалды аумағында жалпы сомасы 139,1 миллиард теңге болатын 40 жоба жүзеге асырылды. Бұл кәсіпорындарда 4403 жұмыс орны ашылды.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Демалыс күндері өрт сөндірушілер мен жауапты мекемелердің біріге атқарылған кәсіби жұмыстарының арқасында Алматыдағы тарихи ғимараттардың бірі өрттен аман қалды.

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

циналық орталығы, оның ішінде 78 құтқарушы және 28 бірлік Алматы ТЖД техникасы. Ал Алматы әкімдігі ҚБТУ ғимаратындағы өртті жою үшін ТЖД қызметкерлеріне көмек көрсетіп, өрт сөндірушілерге ыстық тамақ пен сусын берілді. Оқиға орнына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің басшылары барды.

Алдымен, өрт сөндіруші-құтқарушылардың күшімен 00.14-те өрт оқшауланды және әкімшілік ғимараттың төбесінен Қазақстанның Туы зақымдалмай төменге

түсірілді. ТЖД қызметкерлері жасырын өрт ошақтарын анықтау үшін тепловизорларды пайдалана отырып, шатырдың үй-жайын және ішкі қабырғалардың қаптамасын ашып, өрт автоцистерналары мен ғимараттың ішкі өрт крандары арқылы үздіксіз су беру қамтамасыз етілді. Өрт орнынан командалық-штабтық машинадан (КШМ) ТЖМ Командалық орталығына тікелей трансляция ұйымдастырылды. Қабылданған шаралармен ғимарат өрттен қорғап алынды және 01.04-те от өшірілді. Оқиға салдарынан құрбан болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

ҚОҒАМ

Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтарына 17 түрлі көмек көрсетіледі. Олардың қатарында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), тұрғын үй көмегі, ҰОС және басқа да санаттағы ардагерлері қолдау, коммуналдық қызметтің өсуіне байланысты көмек, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту шығындарын өтеу, атаулы күндерге орай төлемдер мен өзге де біржолғы әлеуметтік төлемдер бар.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Быттыр атаулы әлеуметтік көмек 14,8 мың адамға 1,6 млрд теңге көлемінде төленді. Тұрғын үй көмегі 741 адамға 17,3 млн теңге болды. «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы аясында 141 мыңнан астам адамға 4 млрд теңгеден астам көмек көрсетілді.

Айта кетейік, биылғы 1 қаңтардан бастап барлық жәрдемақы мен базалық зейнетақы мөлшері 6,5%-ға артты. Ауғанстаннан әскердің шығарылған күніне орай соғыс ардагерлеріне жаңа төлем – 100 мың теңге көлемінде көмек енгізілді.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН
НЕСИЕ

Быттыр «Almaty» МҚҰ «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында Алматының шағын және микробизнесі үшін жылдық 2% және 6% мөлшерлемесмен 106 несие берді.

Несиегердің жалпы көлемі 3,6 миллиард теңгеден асты. Бір қарыз алушыға арналған лимит – 73,8 миллион теңгеге дейін, несиенің ең ұзақ мерзімі – 7 жылға

дейін. Несие алушылардың басым бөлігі өндіріс (33%), денсаулық сақтау (20%), білім беру және халыққа қызмет көрсету салаларына (11%) тиесілі.

2019 жылы іске қосылған «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында 13,3 млрд теңгеге 600 жоба қаржыландырылды.

Толық ақпаратты +7 (727) 390-80-42 нөмірі арқылы білуге немесе mfoalmaty.kz сайтынан алуға болады. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жеке есептеледі және 13%-дан аспайды.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ӘДІЛ ТӨЛЕМ

Қалада есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін жаңа су тұтыну нормалары қабылданды

Алматыда есептеу құралдары жоқ тұрғындарға суды тұтыну нормаларын өзгерді. Бұл құралдар тұрғындарға немесе мекемелерге нақты тұтынған судың көлеміне сәйкес төлем жасауға мүмкіндік береді және суды үнемдеуге ықпал етеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің мәліметі бойынша, жаңа тарифтеу алгоритмі «неғұрлым көп тұтынсаңыз, соғұрлым көп төлейсіз» қағидасын ұстанады. Бұл суды үнемсіз пайдаланатын тұтынушылар үшін тарифтердің қымбаттауын білдіреді.

Осы шаралар аясында суды ұтымды пайдалану ынталандыру мақсатында Алматыда есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін жаңа су тұтыну нормалары қабылданды. «Алматы Су» МКК хабарлауынша, бұл нормалар 1989 жылдан бері алғаш рет өзгерді. Құжатқа сәйкес, 2025 жылдың қаңтарынан бастап суды және көрізді есептеу үшін жаңа мөлшерлемелер енгізілді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Баға өзгерді

Есептеу құралдары орнатылмаған үйлердің тұрғындары үшін төлем мына нормалар бойынша есептеледі:

Әр тіркелген адамға айына 15 текше метр су тұтыну қарастырылған. Іс жүзіндегі тариф бойынша төлем 2217,60 теңге; Егер орталықтандырылған көріз жүйесі болса, әр адамға қосымша 687,96 теңге алынады.

1989 жылдан бері қолданылып келген бұрынғы нормалар айтарлықтай төмен болатын: жеке үйлер үшін бір адамға айына 3–6 текше метр, пәтерлер үшін – 8,4 текше метр. Бұл ескірген нормалар тұтынушыларды есептегіш құралдарын орнатуға немесе суды үнемдеуге ынталандырмады. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта тек 65% тұрғын үйлер су есептегіштерімен жабдықталған.

«Алматы Су» МКК мамандарының айтуынша, бұрын жеке үйлер орталық коммуникацияларға қосылмаған болатын. Қазіргі уақытта қабылданған шаралардың арқасында жеке сектор белсенді түрде қаланың инженерлік жүйелеріне қосылып жатыр. Сонымен бірге, заманауи үйлерде бірнеше санитарлық тораптардың, монша, сауна және бассейндердің болуына байланысты су тұтыну көлемі өсті.

Суық сумен жабдықтау және көріз қызметтері бойынша қолданыстағы тарифтермен, сондай-ақ су есептегіш құралдары жоқ тұтынушыларға арналған төлемдер мөлшерімен «Алматы Су» МКК-ның ресми сайтында (almatysu.kz) танысуға болады. Сондай-ақ, сайтта су есептеу құралдарын орнату және тексеру бойынша лицензияланған ұйымдардың тізімі жазылған.

Осыған байланысты Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау қағидаларына сәйкес, ыстық және (немесе) суық сумен жабдықтау және газбен жабдықтауға арналған жеке есептеу құралдарын сатып алу, орнату немесе тексеру шығындарын өтеу қарастырылған. Бұл көмекті жан басына шаққандағы орташа табысы үш есе ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын азаматтар пайдалана алады. Әрбір құрылғы үшін шығындарды өтеу көлемі 3,4 (үш бүтін оннан төрт) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

1) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын аз қамтылған азаматтар (отбасылар);

2) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасылар;

3) бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектер;

4) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының 1-тармағына сәйкес жасына байланысты зейнеткерлерге беріледі.

Тұтынушылар өтемақы алу үшін тіркелген мекенжайы бойынша аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне жүгінуі қажет.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АЛМАТЫ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ
ҚОНАЕВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Шаһар халқы 12 қаңтар күні тарихта ізі қалған, жүректе аты қалған халқымыздың кемеңгер ұлы Дінмұхамед Қонаевты еске алып, рухына тағзым етті. Биыл мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 113 жыл толды. Осыған орай, көзін көргендер мен зиялы қауым өкілдері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбек жолын кейінгі ұрпаққа дәріптеу, насихаттау мақсатында арнайы іс-шара ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиында Д.Қонаев халықаралық қорының президенті Э.Қонаев, мемлекет және қоғам қайраткері, дербес зейнеткер, 15 жыл Димаш Ахметұлымен қызметтес болған Әбілақим Ауба-

киров, белгілі журналист, профессор Қазақстан Журналистика Академиясының вице-президенті, Валерий Жандәулетов сөз сөйлеп, алаштың ардақты ұлы жайында естен кетпес естеліктер айтты.

Сонымен қатар, іс-шараға Алматы қаласы әкімдігі, Мәслихат депутаттары, Астана қаласындағы Вьетнам республикасының елшілігі

өкілдері, кезінде Д.А.Қонаевпен қызметтес болған ізбасарлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Соғыс және еңбек ардагерлері, кемеңгердің туған-туыстары қатысты.

Іс-шара барысында қонақтар Д.А.Қонаев бюстіне гүл шоқтарын қойып, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі академиясының 4-курс курсанттары «Өткенге құрмет» акциясы аясында 113 дана гүл шоғын қойып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы қызметкерлері көгершін ұшыру акциясына ұласты.

Жиын соңында қонақтар Төлебаев көшесіндегі №117 үйде орналасқан Д.А.Қонаевтың мемориалды пәтер-музейін аралады.

ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!

ҚАЗАҚ ЕЛІ ЗАҢҒАР
ТҰЛҒАЛАРЫНАН АЙЫРЫЛДЫ...

Қазақ елі кешегі апта екі бірдей заңғар тұлғасынан айырылды. Көрнекті абайтанушы, профессор, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Мекемтас Мырзахметұлы 95-ке қараған шағында, ал Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауин 85 жасында келместің кемесіне мініп, бақиға аттанды. Мемлекет басшысы екі азаматтың да отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ұзақ жасаған бақытты адам. Ашаршылық жылдары анасы сегіз айлық қызы мен төрт жарым жасар Мекемтасты алып, басқа ауылға қарай жолға шыққан. Тау мен тастың арасынан өтіп, ауылға жақындаған тұста қасқырларға тап болып, анасы шарасыздықтан қызын қасқырларға қалдырып, ұлын аман алып қалған.

Гибратты ғұмырының 60–70 жылын абайтану мен әуезовтануға арнаған бірегей ғалым. Өмір бойы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына ден қойып, оның мұрасын зерттеп, зерделеп, «Толық адам» ілімі-



не терең талдау жасады. Абайдың поэзиясына қатысты құнды еңбектер жазған.

Ұлт руханиятының абызы бауыржантану, яссауитану атанып, осы тұлғалардың да мұрасын жинап, келер ұрпаққа талдап, жүйелеп, қағазға түсіріп, тұтас ұлтқа рухани мирас қалдырды.

Мұхтар МАҒАУИН де саналы ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған заңғар тұлға еді. Халық жазушысының қуатты қаламынан туған шығармалары, тарихи еңбектері көзіқаракты оқырмандарының жүрегінен орын алды.

Мұхтар Мағауин негізінде, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиет зерттеушісі ретінде танылды. Көркем прозаға көбірек ден қойды. «Көк мұнар», «Бір атаның балалары», «Көк кептер», «Мен» сынды туындылары кітап сөрелерінде шаң басып жатпайтыны анық. «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты иеленген.

Он жеті жылдай шет мемлекеттерде тұрып, шығармашылықпен, ғылыми зерттеулермен айналысты.

Мекемтас Мырзахметұлы мен Мұхтар Мағауинді әлеуметтік желіде жоқтамаған қазақ болмаған шығар. Демек, соңына бай мұра, өшпес із қалдырған, тарихтағы орнын өздерінің көзі тірісінде айқындап кеткен аяулы жандар халқымыздың жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

«ALATAU AQPARAT» ұжымы



Ұлттық мәдени мұра:

ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ДӘРІПТЕУ

Алматы – еліміздегі мұражайлар қызметін оқушыларға тегін ұсынатын алғашқы қала

Алматы – музей қызметкерлері әлемнің жетекші мәдени орталықтарында шет елде оқуға және тағылымдамадан өтуге бірегей мүмкіндігі бар Қазақстандағы жалғыз қала. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директоры Ляззат Сағындықова айтып өтті.

ӘЙГІЛІ ЛУВРДЫҢ
ТӨРІНДЕ БОЛДЫҚ

Спикердің айтуынша, Алматы әкімдігінің қолдауымен мұражай саласының қызметкерлері Францияда (Париж, Лувр), Оңтүстік Кореяда (Сеул), Сингапурда, Түркияда (Стамбул), Италияда (Неаполь), Австрияда (Вена), Әзербайжанда (Баку), Чехияда (Прага) және басқа елдерде өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдірді. Бұл тәжірибе алматылық музейтанушыларға озық әлемдік тәжірибелерді қабылдауға және оларды мәдени мұраны сақтау мен дәріптеу үшін қолдануға мүмкіндік береді.

«Алматы әкімдігі мұражай қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсартуға көп көңіл бөледі. 2023 жылы қала әкімінің бастамасымен мұражай қызметкерлерінің ай сайынғы еңбекақысы жергілікті бюджет есебінен 30%-ға ұлғайтылды. Бұдан басқа, қызметкерлердің жалақысы жыл сайын республикалық бюджет есебінен 18%-ға артады. Жас қызметкерлер үшін «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы қолжетімді, соның арқасында музейлердің 30 қызметкері өз жылжымайтын мүліктерінің иегерлері атанды», – деп атап өтті Л.Сағындықова.

Кейінгі екі жылда Алматы мұражайларының бірлестігі Оңтүстік Корея, Түркия, Италия, Австрия, Чехия, Венгрия және Сербиядағы экспозицияларды қоса алғанда, 9 халықаралық көрме ұйымдастырды. Бұл жобалар қазақстандық мәдени мұраны шет елде танымал етуге ықпал етеді және әлемдік мәдени қоғамдастықпен байланысты нығайтады. Жергілікті деңгейде мұражайлардың қызметі де белсенді дамып келеді. Мәселен, былтыр 83 көрме өткізілді.

ЭКСПОНАТТАРДЫҢ
94%-Ы
ЦИФРЛАНДЫРЫЛҒАН

Алматы мұражайларының бірлестігі коллекцияларды сақтау және толықтыру бойынша

қала тұрғындары мен туристердің мегаполистің мәдени өміріне белсенді қатысуын көрсетеді.

Былытыр Алматы мұражайларының кірістері де айтарлықтай өскенін көрсетті: кіру билеттерін сатудан қалалық мұражайлар 85 миллион теңгеден астам табыс тапты. Бұдан бір жыл бұрын келушілердің табысы 60 000 000 теңгені құраған еді. Бұл көрсеткіштер мұражай мекемелеріне қала тұрғындары арасында ғана емес, туристер арасында да қызығушылықтың артқанын көрсетеді.

ТҮРКСОЙ-дан
МАРАПАТ БҮЙЫРДЫ

Сондай-ақ, 2024 жылдың басты жетістіктерінің бірі халықаралық танылу болды. Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қазақстан мұражайлары арасында ТҮРКСОЙ түркі мәдениеті ұйымы үздіктерді анықтады. Алматы музейлері – жоғары марапат-

қан үлесін көрсетеді», – деп атап өтті музейлер бірлестігінің өкілдері.

2024 жыл қазіргі заманғы мұражайлар тарихи мұраны насихаттауды, білім беру функцияларын және жоғары қаржылық нәтижелерге қол жеткізуді қалай сәтті үйлестіре алатындығының мысалы болды.

САНА БИГІНДЕ

Алматы – еліміздің оқушылары қалалық мұражайларға тегін баруға мүмкіндік алған Қазақстандағы алғашқы қала. Қала әкімінің шешімі бойынша іске асырылған бұл бастама мәдени тәрбие мен білім беру үдерісін дамытудағы маңызды қадам болды. Бір жыл ішінде Алматы музейлеріне 85 019 оқушы келді.

Мұражайларға тегін бару мектептегі білім беруді қолдаудың маңызды құралы болды. Ата-аналар ғана емес, мұғалімдер де оқушылармен бірлескен жорықтар ұйымдастыра отырып, осы мүмкіндікті белсенді пайдаланады. Мұндай экскурсияларда балалар тарихи жәдігерлерді, мәдени жәдігерлер мен өнер туындыларын гидтердің жетекшілігімен зерттейді. Тарих, әдебиет және басқа пәндер мұғалімдері көргендерін сабақтарының тақырыптарымен байланыстырады, оқушылардың білімін тереңдетеді және оқу процесін қызықты етеді.

Қала мұражайларында ұсынылған тарихи маңызды экспонаттар ерекше қызығушылық тудырады. Мәселен, Алматы тарих мұражайына бару оқушы-

ларға 1000 жылдық тарихы бар мегаполистің дамуына байланысты негізгі оқиғаларды жақсы түсінуге көмектеседі. Ал Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қазақ әдебиеті мен тіл реформасын зерделеу үшін құнды ресурс.

ДӘСТҮРЛЕР
ДӘРІПТЕЛЕДІ

Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайы оқушыларды музыкалық мәдениетті үйренуге шабыттандырады.

«Оқушылар мұражайларға барып қана қоймай, артефактілер арқылы мәдениетті көруге және түсінуге үйренеді. Бұл оларға сабақта алған білімдерін нығайтуға және аналитикалық және сыни дағдыларды дамытуға көмектеседі. Экскурсиялар қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етеді. Бұл бастама балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді, олардың ой-өрісін кеңейтеді және мәдениетті, өнерді және тарихты одан әрі зерттеуге деген қызығушылықты оятады», – деп атап өтті «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директоры Ляззат Сағындықова.

Бастаманы жүзеге асыруда мұражай қызметкерлерінің жұмысы ерекше маңызға ие болды. Экскурсиялардан басқа, олар мектеп оқушыларына керамика, монета соғу, зергерлік бұйымдар жасау және басқа да дәстүрлі қолөнер бойынша интерактивті шеберлік сабақтарын ұйымдастырды. Бұл балаларға өздерін өткен шеберлер ретінде байқап қана қоймай, сынап көруге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, бағдарлама аясында белгілі мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырылды, олар өз тәжірибелерімен бөлісті, өнер мен тарих туралы әңгімеледі. Бұл қадам жастарды мәдени мұраны одан әрі зерттеуге шабыттандырды. Мұндай іс-шаралар мұражайларды нағыз білім беру, шығармашылық және ұрпақтар арасындағы өзара іс-қимыл орталықтарына айналдырды. Бұл бастама биыл да жалғасатын болады.



белсенді жұмысын жалғастыруда. Қазіргі уақытта қорда 66 220 экспонат бар, оның 94%-ы цифрландырылған. 2024 жылы коллекцияға тағы 427 ерекше экспонат қосылды. Цифрландыру артефактілерді ұзақ мерзімді сақтауға және олардың зерттеушілер мен келушілерге қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Алматы мұражайлары өз мәртебесін тек мұраны сақтау орталығы ретінде ғана емес, сонымен қатар, кәсіпқойлар қолдайтын және дамытатын орын ретінде растайды. Қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыру, оларды қаржылай қолдау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау мұражай ісін нығайтуға және қаланың мәдени саласын дамытуға ықпал етеді.

РЕКОРДТЫҚ ЖЫЛ

2024 жыл Алматы мұражайлары үшін рекордтық жыл болды. Бұл қала тұрғындары мен қонақтарының мәдени мұраға деген қызығушылығының артқанын растады.

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директоры Ляззат Сағындықова атап өткендей, жыл қорытындысы бойынша Алматы қаласының мәдениет басқармасына қарасты мұражайларға 309 956 адам келді, бұл



Суреттерді түсіріп Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қа ие болған Қазақстанның алғашқы қаласы, яғни Best Museum of the Turkic World деген мәртебе қалалық мұражайлардың тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудағы рөлін растай отырып, олардың халықаралық жағдайын күшейтеді.

«Бұл Алматы үшін шетелдік серіктестер арасында да, жергілікті келушілер арасында да біздің мұражайларға деген сенім мен қызығушылықты нығайтатын маңызды оқиға. Шет елді мойындатып, танылу Алматы әкімдігінің ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де мәдениетті дамытуға қос-





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

СІЗГЕ ӨЗ ЕСІМІҢІЗ ҰНАЙ МА?

Бір руханият мекемесіне келген едім. Гардеробта кезегімді күтіп тұрмын. Киімін алып жатқан егде жастағы орыс әйел киімлігіш бөлімінде отырған көрікті әйелден есімін сурады.

- Баян, – деді ол.
- А что означает «баян»?
- Ну, гармошка.

Киім ілетін әйел әлгі адамға ойын орысша жеткізе алмай, қысқа қайырып айта салған болуы керек деп, «расымен де есіміңіз қандай мағына береді екен?» дедім пальтомды беріп жатып.

– Кәдімгі баян, – деді. Жүзіне үңіліп едім, ешқандай эмоция байқалмады. Шын айтып тұр, демек.

АРДА ЕМГЕН

Адамның ныспысын зерттейтін антропология деген ғылым есім адамның тағдырына, бітім-болмысына әсер етеді деген тұжырымға келген. «Баланы неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, тұлабойы да соған сәйкес көркемделе түседі», – дейді ғалымдар. Тіпті, адамның туған кезеңінің де оған тигізер әсері мол деседі.

Қыста туғандарға – пысықтық, көктемде өмірге келгендерге – жұмсақтық, жазда дүние есігін ашқандарға – қайырымдылық, ал күзде туғандарға шаруақорлық қасиеттер тән көрінеді.

Мәселен, мен қыста, қаңтарда туғанмын. Нұржамал деген есімім жарық, нұрлы, сұлу жүз деген мағына береді. Ал сіз есіміңізге мән бересіз бе? Ұнай ма? Атыңызды өзгерту мүмкін болса, ауыстырар ма едіңіз? Бұл сауалдарды Facebook платформасындағы достарыма қарата қойған болатынмын. Жауаптары төмендегідей.

Ахмет Өмірзақ:

– Есімімді өзгерту туралы мүлдем ойламаппын. Менің атым пайғамбарымыздың көркем төрт есімінің бірі, «мақтаулы», «мақтауға тұрарлық» деген мағына береді. 1991 жылы жер бетінде менімен аттас 10 млн кісі болды.

Ардагүл Әскербек:

– Ныспым – Ардагүл. Сирек кездесетін болғандықтан ба, әлде заманауи есімдер ұнайтындықтан болар, атым өзіме бірталайға дейін ұнамай жүрді. Бірде әкем екеуіміз тайдың жанына барып тұрғанымызда, «арда емген сияқты, ірілеу көрініп

тұр» деді. Әдетте, жылқы төлін енесінен алты айлығында, ең арысы бір жасында айырады. Арда емген – енесін екі жасқа дейін емген жылқы төлі. Сол сәтте өзімді, естияр тартсам да, әлі күнге ерке екенімді сезіндім. Атыма затым сай екенін ұғындым. Содан бері елмен танысқанда Ардаш деп емес, Ардагүл деп толық айтатын болғанмын. Елге белгілі тұлғалар туралы «арда емген» деп дәріптеп жататыны да есімде. Атым өзіме ұнайды. Өзгертпес едім.

Ербол Ерментаев:

– Жоқ, өзгертпеймін. Атымды Өзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы бас кейіпкердің құрметіне анамның әпкесі Ұлбала қойған. Мен туған жылдары осы шығарманы жастар жастанып тұрып оқыған екен. «Нағыз ер», «азамат» деген мағына ғой, негізі.

Майра Айтұарова:

– Майра – парсының «маһире» сөзімен төркіндес есім. «Моншақ» мағынасын береді екен. Қазақтарда жиі кездесетін ат. Бастапқы мағынасы жойылып, бізде май (мамыр) айында туғандарға қойылатын есім сияқты болып кеткен. Өзге мұсылмандар арасында «маһире» деп қолданылады.

Дәурен Малдыбай:

– Бала күнімізде Сасықбай деген көршіміз болды. Өзін де, балаларын да келеке етіп күлуші едік. Неткен ақымақ болғанбыз, ұяламын қазір сол қылығымызға. Бұрынғылар баланың атын ырымдап қойған екен ғой. Мысалы, ерекше әдемі болып туған нәрестені тілі, көз тимесін деп, Жаманбала, Итаяқ деп қоя салды екен.

Өзімнің атым ұнайды. Қысқа. Құлаққа жағымды. Балаларымның есімдеріне де мән бердік. Айдана, Айзере, Айбол, Айдос. Біз оларға дастархан басында аспандағы айдың сұлулығын, оның әлемге жарық беретінін жиі айтып отырамыз. Оны естіген бала өзін де сұлу сезініп өсетініне сенімдімін.

Ділдә Ізтаева:

– Атым – Дәлдакыз. Алтын, тіллә, ақша деген мағына. Бала кезде ұнамайтын, қазір ұнайды. Өзгертпес едім.

Марита Қабижанқызы:

– Литваның батыр қызы – Марите Мельникайтенің есімімен атаған. Мен де өзгертпес едім.

Ләззат Тұрмағамбетова:

– Анам мені босанарда толғағы өте ауыр болып, сонау Ырғыздың Нұра деген елдімекеніне Ақтөбеден ұшақ шақыртып, сонымен Ақтөбеге келгенде, бір практикант қыз да болған екен. Анама ота жасалғанда, «Апа, нәрестеңізге менің атымды қойыңызшы, бұл менің алғаш рет операцияға қатысуым» деп өтініш білдірген екен. Шешем жас қыздың көңілін қайтармай, солай қойыпты атымды.

Сәуле Әбілдаханқызы:

– Баян – «мән» ғой. «Баянды, баянсыз» дейді... Екінші мағынасы – «әңгіме айту, жеткізу, баяндау». Мәселен, «Ол өз өмірін баян етті...».

Айшуақ Дәрменұлы:

– Баян – моңғол тілінде «бай, ауқатты», ал қазақ тілінде – «мән, мағына». Көне түркі заманына бері келе жатқан есім. Ата-аналардың перзентіне «тірлігімнің мәні», «өмірімнің мағынасы» деп қоятын есімі. Ал өз есімінің мағынасын білуге өзі қызықпайтын иісалмас топастар үшін – «гармошка».

Есенкүл Көшербаева:

– Баян деген есімді «баянды, қайырлы перзент болсын» деген ниетпен қояды. Бізде «жақсылықтар ұзағынан болсын» дегенді «баянды болсын» деп те айтамыз. «Баян» да осы түбірден шыққан сөз. Ой-өрісі де киімлігішкелі ілініп қалған әйел екен бүгінгі кейіпкеріңіз.

Омар Смат:

– Партизан Қасым Қайсенов атамыз бірде біздің мектепке кездесуге келгенде, қарындасымның қолындағы кітабына «Баян, болсын атың елге аян!» деп автограф жазып берген. Әдемі есім.

АТЫН КЕПІЛГЕ ҚОЯДЫ

Бізде, қазаққа қайтыс болған адамға дұға бағышталғанда, марқұмның күнделікті біз атаған есімімен емес, шыр етіп дүниеге келген кезінде азан шақырып қойған атын атап, жерлейді. Жер бетінде өмірден өткен адамдардың есімін атауға рұқсат берілмейтін халық та бар екен. Олардың аты аталған кезде о дүниелік болған жандардың рухы елес болып келеді деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан африкалық масаи тайпасы марқұмдардың есімін өзгертіп не басқаша атпен атауға тиіс.

Тіпті, Оңтүстік америкалық гуахиرو үндістерінде қайтыс болған жанның есімін атаған адам өлім жазасына кесіледі. Айтпақшы, аустралиялық аборигендер салтында өлген адамның аттасы өз есімін өзгертуіне тура келетін жағдайлар да кездеседі екен.

Квакиутль тайпасының үндістері біреуден қарызға ақша алғанда кепілдік ретінде өзінің есімін қалдырып кетеді. Ол қарызға алған ақшасын қайтарғанша оны ешкім өз атымен атамайды.

АМАН, ЕСЕН, ТҰРАП, МЕКЕН

Әлемдегі ең көп қойылған әйел есімі – Анна. Олар 100 миллионнан асып жығылады. 1979 жылы Пеннильванияда өмірге келген екі балаға Пепси мен Кола деген есімдер қойылған.

Ресейлік атақты меценат Савва Мамонтов өзінің есімінің бірінші дыбыстарынан бес перзентінің есімін қойған. Балаларының есімдерінің бас әріптері әкелерінің есімін құрайды: Сергей, Андрей, Всеволод, Вера және Александра.

Ал біздің белгілі сазгеріміз, шәмшітанушы Қалдыбек Құрманәлі ұлдарының есімін Шәмшіқалдаяқ, Бекзатсаттархан, Мұхтаршахан, Иманғалитасмағамбет деп қойған. Төртемнің атын Аман, Есен, Тұрап, Мекен деп атаған отандасымыз да есімізде. Егер қателеспесек, Атырау облысында өмірге келді. Төртеуінің де аман-есендігіне тілекшіміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕСІМДЕР РЕЙТИНГІ

Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы ең көп қойылған аттарды жариялаған болатын. Бюро мәліметінше, ұлдарға қойылған есімдер арасынан Мұхаммед аты алға шықты, ол 2014 жылдан рейтингтің басын бермей келген Әлихан есімін үшінші орынға сырғытты. Ал бұған дейін «ТОП-10» есімдер қатарына кірген Нұрислам аты тізімнен шықты. Қыздар арасында «ондықтың» тізіміне алғаш рет Мариям есімі енді, ол Амина есімін ығыстырды. Бірақ рейтингтің бірінші орнын Айлин әлі ешкімге берген жоқ.

Сонымен, 2024 жылы ұлдарға қойылған «ТОП-10» есім: Мұхаммед (3633 адам); Айсұлтан (2862); Әлихан (2719); Мухаммад (2712); Омар (2484); Алдияр (2295); Амир (2266); Алан (2259); Али (1912); Хамза (1857).

Ал қыз балаларға қойылған танымал есімдер: Айлин (5578 адам); Медина (5417); Асылым (5020); Айша (4493); Томирис (3369); Аяла (2986); Айым (2875); Мариям (2794); Раяна (2782); Сафия (2775).

Айқара бетті
әзірлеген
Нұржамал
ӘЛІШ,
журналист.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Қазақстанда студент-жастар қоғамның әлеуметтік, экономикалық және зияткерлік дамуының қозғаушы күші болып табылады. Сондықтан мемлекет тарапынан бұл санатқа көрсетілетін қолдау ауқымы маңызды және стратегиялық мағынаға ие. Жақында «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі, стипендия көлемін арттыру, жатақхана инфрақұрылымын жақсарту секілді бастамалар қабылданды. Бұл шаралар жас ұрпақтың білім сапасын, әлеуметтік жағдайын және болашақ мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ:

студент-жастарға мемлекеттік қолдау артады

«Келешек» жүйесінің пайдасы көп...

«Келешек» жүйесі балаларға 5 жастан бастап 18 жасқа дейін білім алуға қаржыны жинақтау мүмкіндігін ұсынады. Мұнда ата-аналар мемлекеттік жинақ жүйесі арқылы балалардың болашақ білім алуы үшін жинақ шотын аша алады. Бұл бастама жинақтық қаржыландыру арқылы білім беру қызметтеріне төлемді жеңілдетеді. Мемлекеттік сыйақы мен инвестициялық табыс есебінен қосымша қаражат жинауға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда қаржыны тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе үшінші тұлғаларға пайдалануға жағдай жасайды.

«Келешек» жүйесіне қатысу үшін ата-аналар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктерде және сақтандыру компанияларында шот ашуы қажет, онда ағымдағы күнтізбелік жылы 5 жасқа толған балаларға 60 АЕК (2025 жылы 235 920 теңгені құрайды) және жетім балалар үшін 120 АЕК (471 840 теңге) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталы, 5-7% мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақының жыл сайынғы төлемі және инвестициялық табыс есептелетін болады. «Келешек» жүйесінің шарты – ата-аналар кемінде 12 АЕК мөлшерінде жыл сайынғы міндетті ең төменгі жарнаны төлеуі тиіс. Шоттарды Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры, ал сақтандыру төлемдерінің сомасын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандырады. Мемлекеттік білім беру грантын алған жағдайда қаражатты жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға пайдалануға болады.

Стипендия көлемі ұлғаяды

Мемлекет ЖОО студенттері үшін стипендияларды ұлғайту бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыруда. 2025 жылы ЖОО және колледж студенттері үшін стипендия 2 есе, магистранттар мен докторанттар үшін 1,75 есе артады. Бакалавриат студенттеріне 52 372 теңге, педагогикалық және медициналық бағыттағы студенттерге 84 000 теңге, магистранттарға 117 098 теңге, докторанттарға 262 500 теңге стипендия төленеді. Интернаттурада оқитын студенттерге стипендия – 94 862 теңге, ал резидентурада – 134 664 теңге көлемінде төленетін болады. Емтихан сессиясын «өте жақсы» тапсырған жағдайда студенттердің жоғары стипендия алу мүмкіндігі сақталады.

Студенттердің жекелеген санаттары үшін стипендияға үстемеақы белгіленді. Жоғары немесе кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын көру және есту қабілеті бұзылған адамдарға бакалавриат студенттеріне – 94 651 теңге, магистранттарға – 204 921 теңге,

докторанттарға – 459 375 теңге үстемеақы белгіленді. Жаралану, контузия, ауру салдарынан мүгедектігі бар немесе мертіккен адамдарға бакалавриат студенттеріне – 78 558 теңге, магистранттарға – 175 647 теңге, интерндерге – 142 293 теңге үстемеақы белгіленді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе қорған-шылықтағы (қамқоршылықтағы) жетім балалар қатарындағы адамдарға стипендия 30%-ға көтеріледі, яғни бакалавриат студенттеріне – 68 083 теңге, магистранттарға – 152 227 теңге, интерндерге – 123 320 теңге үстемеақы белгіленді.

Мемлекеттік стипендиядан басқа, жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша 104 744 теңге мөлшерінде тағайындалатын оқуда ерекшеленген студенттерге, олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарына арналған Президенттік стипендия бар. Президенттік стипендияны 3-ші оқу жылынан бастап студенттер және 2-ші оқу жылынан бастап магистранттар ала алады. Мұндай стипендияға бюджеттік негізде оқитын студенттер де, ақылы негізде оқитындар да құқылы.

Бұл шаралардың маңызы мынада. Әлеуметтік әл-ауқаты төмен студенттердің білім алуға қолжетімділігі артады. Магистранттар мен докторанттарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту деңгейі жоғарылайды. Білім алуға қызығушылықты арттыру арқылы кадрлар сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Жатақхана мәселесі шешіледі

Қазақстандағы студенттердің баспана мәселесін шешу мақсатында жыл сайын 10 мың орынды жаңа жатақханаларды пайдалануға беру жоспарланған. 2024 жылдың өзінде 11 096 орын пайдалануға берілген. Астана және Алматы қалаларында жатақханаларда орындарды уақытылы алу бойынша ел студенттеріне консультациялық қызметтер көрсететін жобалық фронт-офистер жұмыс істейді.

2025 жылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған жастарға және 1 және 2-топтағы мүгедек адамдарға, бала кезінен мүгедек адамдарға, мүгедек балаларға оқу кезеңінде ЖОО жатақханаларында тұрғаны үшін 100 050 теңге мөлшерінде өтемақы төлеу жалғастырылады.

Мемлекет жатақханалар салуға жеке кәсіпкерлерді тартып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) механизмдерін қолдануда. Бұл бастама студенттердің тұрғын үй проблемаларын шешіп, білім алуға жағдай жасайды. Елдегі білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жақсартады. Жеке кәсіпкерлік секторын қолдауға мүмкіндік береді.



СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

- ▶ Алматы – Қазақстанның ең ірі студенттік орталығы, онда 199 мыңнан астам студентті оқытатын 35 ЖОО орналасқан.
- ▶ Қазақстандағы студенттер саны: 2023 жылғы дерек бойынша елде 600 мыңнан астам студент жоғары және техникалық білім алуда. Олардың 68%-ы жоғары білім беру бағдарламаларында оқиды, ал 32%-ы техникалық және кәсіптік білім саласына жатады.
- ▶ 2022 жылы 88 мыңнан астам грант бөлінді, бұл көрсеткіш 2019 жылғы 69 мың грантпен салыстырғанда айтарлықтай артқан.
- ▶ 2024 жылдың қорытындысы бойынша елде 11 096 жаңа орынды жатақхана пайдалануға берілді. 2029 жылға дейін жыл сайын 10 000 орынды жатақханалар салу көзделіп отыр.
- ▶ Ата-аналар ашқан шоттар саны: «Келешек» жүйесі арқылы 2025 жылға дейін 100 мыңға жуық шот ашылады деп күтілуде.
- ▶ Қазақстанда мүгедектігі бар студенттердің саны 7000 адамнан асады. Мемлекет оларға арнайы стипендиялар, жатақханалар мен оқу құралдары бойынша жеңілдіктер ұсынады.

Шетелдік тәжірибе қандай?

Студенттерге қолдау көрсету әлемнің түрлі елдерінде кең тараған. Мысалы, Германияда студенттерге төмен пайыздық мөлшерлемен несиесі беріледі, ал жатақхана мәселесі муниципалдық деңгейде шешіледі. Финляндияда білім тегін, сонымен қатар студенттерге оқу құралдары мен тұрғын үй шығындарын өтеу үшін жәрдемақы беріледі. Оңтүстік Кореяда білім беру жинақтау жүйесі салық жеңілдіктерімен бірге жүреді, бұл ата-аналардың белсенді қатысуын ынталандырады.

Қазақстандағы студенттерге қолдау көрсету бастамалары құптарлық, бірақ белгілі бір проблемалар әлі де шешілуді қажет етеді. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі жоқ емес. Бөлінген қаражаттың кейбір аймақтарға жетпеуі мүмкін. Жатақханалар жетіспеушілігі бар. Жыл сайын қосымша орындар берілгенімен, студенттердің сұранысы толық қамтылмай отыр. Сондай-ақ, стипендия көлемінің инфляцияға бейімсіздігі анық байқалады. Сондықтан стипендиялар көлемін инфляция қарқынымен сәйкестендіру қажет. Мұны шешу үшін қаржыландыруды нақтылауды және бақылауды күшейту маңызды. Жеке секторды тарту үшін салықтық және басқа жеңілдіктер беру керек. Инфляция деңгейін ескере отырып, стипендияны кезең-кезеңімен индекстеу артықтық етпейді.

ТҮЙІН:

Қазақстанда студент-жастарға мемлекеттік қолдау артып келеді. «Келешек» жүйесі, стипендиялардың өсуі, жатақхана инфрақұрылымын жақсарту секілді шаралар еліміздің білім беру саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Бұл бастамалар тиімді жүзеге асса, студент жастардың әлеуеті артып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді. Бірақ статистикалық деректер көрсеткендей, жатақханамен қамту, стипендия мөлшері, ауылдық және мүгедектігі бар жастарға арнайы қолдау көрсету мәселелері әлі де өзекті. Бұл көрсеткіштерді халықаралық деңгейге жеткізу үшін мемлекеттік инвестициялар мен жеке секторды ынталандыруды жалғастыру қажет.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



(Суреттер: ҚР Туризм және спорт министрлігінен).

ТАРИХИ АЛТЫН

Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты қалай аяқталды?

Алматыда фристайл-могул мен фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты мәресіне жетті.

«Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты Қазақстан құрамасы үшін жемісті болды. Бұған дейін әлем біріншілігінің алғашқы күнінде Анастасия Городко жекелей сында 2-орын алса, келесі күні параллель могулда алтыннан алқа таққанын жазған едік.

Одан кейінгі күндері фристайл-могулдан аралас командалық сайыста былтыр IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасына қатысқан Юлия Фиклистова мен Денис Раструба жұбы күміс жүлдегер атанды.

Фристайл-акробатикадан жекелей сын еліміз үшін тарихи нәтижемен есте қалды. Ерлер арасында Дінмұхаммед Райымқұл күрделі бағдарламаны сәтті орындап, чемпион атанды. Ол 104.52 ұпаймен екі қытайлық спортшыны (Юч Юнхен, Ян Чжичэн) басып озды. Бұл – фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан қол жеткізген алғашқы алтын медаль. Ал жарыстың соңғы күні командалық сайыста Қазақстан-2 командасы (Аделина Өмірзакова, Роман Погосян, Ұланбәкір Өмірзақов) 6-орын алса, Қазақстан-1 (Дінмұхаммед Райымқұл, Ардана Маханова, Асылхан Асан) 7-сатыға табан тіреді. Командалық сайыстың жүлдегерлерін марапат-



тауға Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин қатысты.

Жалпыкомандалық есепте могул мен акробатикадан Қазақстан құрамасы 2 алтын, 2 күміс жүлде иеленіп, Қытайдан (2 алтын, 3 күміс, 2 қола) кейін 2-орын алды. Үздік үштікті Жапония (2 алтын, 1 қола) спортшылары түйіндеді.

УНИВЕРСИАДА – 2025

ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ



(Сурет: Қазақстан Хоккей федерациясынан).

Италияның Турин қаласында өтіп жатқан XXXII қысқы Универсиадада Қазақстанның ерлер құрамасы хоккейден алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Біздің команда алғашқы ойында Швеция құрамасын 9:2 есебімен ойсырата жеңді.

Кездесудің алғашқы кезеңінде швед хоккейшілері екі шайба соғып, есепте алға шыққан. Алайда,

қазақстандық спортшылар ойын басындағы сәтсіздікке абдырап қалмай, бірінші кезеңнің соңына дейін есепті

теңестірді. Екінші кезеңде қазақстандықтар шабуылдарын үдетіп, екі шайба айырмашылығымен алға шықты. Николай Шульга көзге түсті, ал кейіннен Даниил Цыбин дубль жасады. Үшінші кезеңде біздің команда скандинавиялық қарсыластарынан толықтай басым түсті. Максим Мусоров, Әділ Бейсембаев, Денис Чапоров және Андрей Буальский гол соғып, 2:9 есебімен кездесуді аяқтады.

Универсиаданың бірінші ойынында Қазақстанның әйелдер құрамасы Жапония командасынан ойсырай жеңілді. Қорытынды есеп – 0:10. 11 қаңтар күні басталған хоккей турнирі 22 қаңтарға дейін жалғасады. Ерлер құрамасы енді «А» тобында Корея, Канада және Чехия командаларымен кездеседі.

Матчтар кестесі (Ерлер):

- 14 қаңтар, 20.30 – Қазақстан – Корея.
- 16 қаңтар, 00.00 – Канада – Қазақстан.
- 17 қаңтар, 00.00 – Қазақстан – Чехия.

Әйелдер құрамасы «В» тобында АҚШ пен Чехия командаларына қарсы ойнайды.


Матчтар кестесі (Әйелдер):

- 14 қаңтар, 20.30 – Чехия – Қазақстан.
- 16 қаңтар, 20.30 – Қазақстан – АҚШ.

UFC

АСУ АЛМАБАЕВТЫҢ
КЕЛЕСІ
ҚАРСЫЛАСЫ КІМ?

UFC ұйымы әлеуметтік желіде Асу Алмабаевтың келесі жекпе-жегі туралы хабарлады.



Әлемдік ұйымның ең жеңіл салмағында бық сынап жүрген қазақстандық спортшы 1 наурыз күні UFC Vegas 103 турниріне қатысады.

Отандасымыз аустралиялық Стив Эрцегке (12-3) қарсы жекпе-жек өткізеді. Стив Эрцег қазір өз салмағының рейтингінде 9-орында тұр.

Ол былтыр мамыр айында чемпиондық белбеу үшін жекпе-жек өткізіп, Александр Пантожадан жеңіліс тапты. Ал Асу Алмабаев қазіргі рейтингте 8-орында. Ол UFC ұйымында өткізген 4 кездесуінде де жеңіске

жетті. Қазақстандық жауынгер Оди Осборн, Си-Джей Вейгара, Хосе Джонсон және Матеус Николаудан басым түсті.

Айта кеткен жөн, UFC алдағы уақытта жартылай орта салмақтың чемпионы Белал Мұхамед пен жерлесіміз Шавкат Рахмонов арасындағы жекпе-жекте хабарлайды деп күтіледі. Өз салмағының рейтингінде 2-ші тұрған Рахмонов 2024 жылдың желтоқсан айында ирландиялық Иэн Гэрриді жеңгеннен кейін чемпиондық белбеуге басты үміткер атанған болатын.

ШАХМАТ

АҚЫЛ-ОЙДЫҢ
ОЙЫНЫ

Алматыда 15–25 қаңтар аралығында 6 жастан 18 жасқа дейінгі жас санатындағы юниорлар арасында классикалық, рапид және блиц шахматтан 2025 жылғы Қазақстан чемпионаты өтеді.

2016 жылдан бастап жасөспірімдер арасындағы бірыңғай әлем чемпионаты екіге бөлінді: U8, U10 және U12 жас санатындағы кадеттер арасындағы чемпионат және U14, U16 мен U18 жас санатындағы жасөспірімдер чемпионаты.

2024 жылы қазақстандық кадеттердің үздіктері Шымкентте, жасөспірімдер арасындағы үздік шахматшылар Түркістанда анықталса, биылғы жылы Қазақстан шахмат федерациясы Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен чемпионаттың екеуін де бір жерде өткізу туралы шешім қабылдаған.

Жарыс жеті жас санатында, ұлдар мен қыздар арасында бөлек-бөлек өтеді: 6 жасқа дейінгілер, 8 жасқа дейінгілер, 10 жасқа дейінгілер, 12 жасқа дейінгілер, 14 жасқа дейінгілер, 16 жасқа дейінгілер және 18 жасқа дейінгілер. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль, диплом және ақшалай жүлдемен марапатталады. Жалпы жүлде қоры – 15 млн 120 мың теңге. Классикалық шахматтан ҚР әрбір чемпионын (барлығы 14) дайындаған жаттықтырушы 80 000 теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақымен марапатталады.

Бетгі әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №192 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 9 қаңтарда №205815 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 25 желтоқсан

№192

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібін белгілеу туралы

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 21) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібі белгіленсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШIEB

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №192 шешіміне қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.
2. Осы тәртіптің мақсаты құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңінде ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылыс объектілерін инспекциялау (бұдан әрі – инспекциялау) арқылы ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау болып табылады.
3. Инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне баруды Алматы қаласының сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы жүзеге асырады.

2. Инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібі

4. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне баруға құқығы бар.
5. Инспекциялауды жүргізу үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабарламаның, құрылыстың жай-күйі мен барысы туралы техникалық қадағалау есебінің, құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобалары үшін бастапқы материалдардың болмауы, бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынан ауытқу негіздер болып табылады.
6. Объектіге барған кезде мемлекеттік құрылыс инспекторы құрылыс салушыға (құрылыс салушының өкіліне), мердігер ұйымның өкіліне осы Тәртіптің 1-қосымшаға сәйкес инспекция жүргізудің басталғаны туралы актіні ұсынады.
7. Құрылыс салушы (құрылыс салушының өкілі) объектіге мемлекеттік құрылыс инспекторына рұқсат береді.
8. Сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының талап етуі бойынша құрылыс салушы (тапсырыс беруші) және/немесе мердігер осы объект бойынша құқық белгілейтін, рұқсат беретін, жобалау және атқарушылық техникалық құжаттаманы ұсынады.
9. Қажет болған жағдайда мемлекеттік құрылыс инспекторлары инспекциялауды жүргізуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарта алады.
10. Инспекциялау қорытындысы бойынша осы Тәртіптің 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама және 3-қосымшаға сәйкес объектінің ведомосы анықталған ақауларды сипаттай отырып, тартылған мүдделі мемлекеттік органдарды таныстыра отырып жасалады.
11. Инспекциялау қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде: сәулет және қала құрылысы органы сәулет-құрылыс бақылау органына құрылысқа бастапқы рұқсат беру құжаттамасының болуы / болмауы туралы мәліметтерді ұсынады;
Алматы қаласы тиісті ауданы әкімінің аппараты атынан сәулет-құрылыс бақылау органына Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізу туралы өтініш жібереді;
Алматы қаласының коммуналдық қызметтері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, су бұру мәселелеріне байланысты қажетті шараларды қабылдайды.
12. Сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексерулер жүргізеді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібіне 1-қосымша

ИНСПЕКЦИЯ ЖҮРГІЗУДІ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ АКТ

№ _____ «__» _____ 202__ ж.

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органның атауы «Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2. Актіні рәсімдеген уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және оның лауазымы: _____

3. Салынып жатқан объектінің орналасқан жері: _____

4. Бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), оның басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісінің актіні рәсімдеу кезінде болған өкілінің лауазымы: _____

5. Негіздеме: _____

6. Инспекция жүргізу мерзімі: _____

7. Актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы мәліметтер (күні және бақылау мен қадағалау субъектісі басшысының немесе бақылау мен қадағалау субъектісі өкілінің қолтаңбасы): _____

8. Актіні рәсімдеген лауазымды адамның қолтаңбасы: _____

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібіне 2-қосымша

ИНСПЕКЦИЯЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША АНЫҚТАМА

№ _____ «__» _____ 202__ ж.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау органның атауы «Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

(салынып жатқан объектінің атауы, орналасқан жері)

(инспекциялау жүргізген мемлекеттік құрылыс инспекторының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ө.), лауазымы)
Тапсырыс беруші _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ө., мекенжайы және телефоны не заңды тұлғаның атауы, мекенжайы және телефоны)
Бас мердігер _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ө., мекенжайы және телефоны не заңды тұлғаның атауы, мекенжайы және телефоны)
Қосалқы мердігер _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ө., мекенжайы және телефоны не заңды тұлғаның атауы, мекенжайы және телефоны)
Объектіге барған кезде мынадай жұмыстар жүргізіліп жатты: _____

Ақаулар (қажетінің астын сызу):
анықталды.
қоса беріліп отырған анықталған ақаулардың сипаттамасы бар объектілердің ведомосінде көрсетілді;
анықталған жоқ.
Мемлекеттік құрылыс инспекторы: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Тапсырыс беруші: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мердігер: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мүдделі тұлға: _____

Мүдделі тұлға: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мүдделі тұлға: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Анықтама 3 (үш) данада рәсімделді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылысжайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс объектілеріне бару тәртібіне 3-қосымша

АНЫҚТАЛҒАН АҚАУЛАРДЫ СИПАТТАЙТЫН ОБЪЕКТІНІҢ ВЕДОМОСЫ

(инспекциялау нәтижелері бойынша анықтамаға қосымша)

20__ жылғы «__» _____

(салынып жатқан объектінің атауы, орналасқан жері)

№	Анықталған ақаулардың сипаттамасы
1	2

Мемлекеттік құрылыс инспекторы: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Тапсырыс беруші: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мердігер: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мүдделі тұлға: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мүдделі тұлға: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Мүдделі тұлға: _____

(Т.А.Ө., лауазымы, қолы)

Ведомость 3 (үш) данада рәсімделген.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 11 айға – 6747,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 11 айға – 14471,82 (қала), 8837,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 11 айға – 4327,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖАРНАМА

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 7 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 352 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 10 ақпан, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 7 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Өуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 766 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Өуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 10 ақпан, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ақпараттық ресурстық орталық» қоғамдық қоры Сізді 2025 жылы басталатын «НаркоСТОП» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына арналған қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Тыңдаулар 2025 жылдың 20 қаңтарында, сағат 11.00-де ZOOM форматында өтеді. Сілтемені алу үшін +7 705 183 26 25 телефоны арқылы тіркелуіңізді сұраймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№7 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар – жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос қызмет лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Үміткерге қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық және де мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс)

35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер Алматы қаласы Спорт басқармасына мына мекенжайы бойынша әңгімелесуге шақырылады:

Алматы қаласы, Республика алаңы 4, 4-кабат, 450-бөлме.

Анықтама телефондары: 8 (727) 251-16-55.

Құжаттарды қабылдау мерзімі 14.01.2025 ж. –28.01.2025 ж.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАНДАР ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

**ҚР Президенті
Қасым-Жомарт
Кемелұлы Тоқаев
«Әділетті Қазақстан: заң
мен тәртіп, эконо-
микалық өсім,
қоғамдық оптимизм»
атты Жолдауында 2025
жылды «Жұмысшы
мамандықтары жылы»
деп жариялағаны
белгілі. Мемлекет
басшысы жұмысшы
мамандықтарын
дәріптеу арқылы
қоғамда еңбекқор және
нағыз маман болу
идеясын насихаттау
керектігін атап
көрсеткен болатын.**



кадрларды байланыстыратын дәнекер ретінде түрлі өндіріс орындарымен өнімді жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, АТЭК білім алушылары жас мамандардың негізгі дағдыларын қалыптастырып, білімін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын WorldSkills чемпионаттарына жыл сайын дәстүрлі түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Болашақ жұмысшы кадрлар неі біліп, қандай дағдыларды меңгеруі керек? Халықаралық стандарттар бойынша мамандар жұмыс беруші талаптарына сай болуы қажет. Колледждер тарапынан жыл сайын қаншама маман нарыққа шығуда, бірақ барлығы бірдей жұмыс тауып кетеді деген сөз емес. Ол үшін кәсібилік те талап етіледі. Алматы технология-экономикалық колледжінің басты мақсаты – жұмысшы кадрларымыздың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына ықпал ету. Осыған сәйкес, кадр даярлау мәселесінде оқу бағдарламасы өндіріс қызметкерлерімен бірігіп дайындалады. Бұл өз кезегінде өнімді еңбек нәтижесін беруде.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда сый-құрметке ие. Президентіміз тұжырымдағандай, ең бастысы, «әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс». Демек, қандай да бір саланы игеру үшін адамға еңбек ету керек. Сонда ғана еліміз дамудың даңғыл жолына түспек. Жұмысшы кадрларды қолдау мақсатында алда талай игі бастамалардың жүзеге асатынына сеніміміз мол. Себебі, өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттыраы хақ.

Гүлшат УАҚАСОВА,
Алматы технология-экономикалық колледж директоры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xRJCHx6Br1ggA

МАХАББАТ

«МЕН СЕНІ КҮТЕМ»

Жас сарбаз әскери ант беру рәсімінде сүйіктісіне жүзік тақты

Алматыда Кеңес Одағының батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде 600-ден аса жас сарбаз салтанатты түрде ант берді. Бұл рәсім Отан алдындағы борышын өтеуге бел буған әр азаматтың өмірінде маңызды орын алады.

Нұржамал Әлпіш

Жауынгерлерді қолдауға олардың ата-ана, бауырлары, достары келді. Сондай-ақ, 5571 әскери бөлімінің ардагерлері және «Он-түстік» өңірлік қолбасшылығы мен құраманың әскери қызметшілері қатысты.

Алматы облысынан шақырылған қатардағы Равиль Мағамед әскерге дейін Чайковский атындағы музыкалық колледжде білім алып, үрмелі аспаптарда ойнайтын музыка маманы болған. Ұлттық ұланға келіп әскери оркестрді көрген ол бірден өзінің болашақта кім болатынын нақты шешті. Мерзімдік қызметті аяқтаған соң, әскери оркестрде қызмет етемін дейді жас жауынгер. Салтанатты іс-шараға Равильдің қос әжесі – Айша және Шолпан апалар, нағашы атасы Мәлік ақсақал және ата-анасы Ресат Мағамедұлы мен Қанаш Мәлікқызы келіпті.

– Отан алдындағы борышта-



рыңды абыроймен өтеңдер. Ер-азамат деген атқа лайық болыңдар. Қызметтеріңе адал болыңдар. Жолдарың ашық болсын. Әрқашан жақсы сөзге лайық болыңдар, елдің ризашылығына бөленіңдер. Командирлеріңді тыңдаңдар, тәртіпке бағыныңдар! – деп Мәлік ата немересі мен оның қаруластарына батасын берді.

Сарбаздардың ант беру іс-шарасында ерекше оқиға болды. 1-оку ротасының сарбазы, Павлодар қаласынан шақырылған қатардағы Жантөре Ерзал екі мыңға жуық дүйім жұрттың алдында сүйген қызына сөз салды. Жолдастарымен алдын ала жоспарлап, командирлерінен рұқсат алған Жантөре жүрек сияқты дестеленген аппақ гүлдердің жанында тұрып көпшілік ішінен Дана есімді аруды дауыстап

іздеді. Мұндайды күтпеген бойжеткен басында аңтарылып қалды. Алаңға аяғын имене басып шыққан Данаға жиналған жұрт қол соғып, қолдау білдіре жөнелді. Жас сарбаздың «Менің жарым боласың ба?» деген ықыласына әдемі қыз «Иә!» деп жауап берді. Сарбаз қалыңдығына алтын жүзік тағып, қызыл раушандар ұсынды.

Жантөре мен Дана бір мектепте оқыған сыныптастар екен. Бойжеткен бүгінде мектеп мұғалімі. Жантөре оған үйленуге ұсыныс білдіруді әскерге дейін шешкен екен. Бірақ сөз салып үлгермегендіктен, осындай айтулы күнге ниеттенгенін айтады. Дана жігітіне «Мен сені әскерден асыға күтемін!» деді. Қуаныштан жүзі бал-бұл жанған екі жастың сүйіспеншілігі мәңгілік болғай!

КИНОКЕҢІСТІК

«ШАТЫРДАҒЫ ЕКЕУ»

Нью-Йорк пен Үндістаннан жүлде алып келді

Алматы қаласы мен оның іргесінде жатқан Алматы облысының Талғар ауданында былтырғы көктемде түсірілген «Шатырдағы екеу» жуырда Үндістанда өткен «Алтын арыстан» (GLIFF) халықаралық кинофестивалінде екі аталым бойынша жеңімпаз атанды. Фильм үздік толықметражды фильм деп танылып, Best Debut Filmmaker Of Feature Film номинациясында жеңіске жетті.

Сонымен қатар, Нью-Йорктегі Oniros Film Awards® халықаралық кинопремиясында екі номинацияны еншіледі. Фильмде аутизмге шалдыққан жасөспірім Костяның рөлін сомдаған Александр Черепанов «Жас актер» номинациясын алды. Түсірілім кезінде небәрі 15 жаста болған Александр Черепанов Виталий Давыдовтың шеберханасында актерлік қырын шыңдап жүр және қазір «Балаганчик» театрында өнер көрсетеді. Соның арқасында оның фильмдегі рөлі де әсерлі шығып, көрермен ықыласына бөленді,

фестивальдағы қазылар алқасының оң бағасын алды.

«Шатырдағы екеу» тағдыры қиындыққа толы жас жігіт Дамир мен аутизм дертіне шалдыққан жасөспірім Костяның арасындағы достықты баяндайды. Шығармашылық топ картинада инклюзияның маңызын және ерекше балалардың қоғамға бейімделу мәселесін көтерген.

«Шатырдағы екеу» – режиссер Гүлшат Смағұлованың тұңғыш режиссерлік дебюті. Ол кино өндірісі саласында 15 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Фильмнің сценарий авторы – Жанна Тимофеева, қоюшы-суретшісі – Елена Айтова, ал қоюшы-операторы – Александр Плотников. Фильм прокатқа қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Кинода Елдар Әбіш, Лидия Ярцева (Ресей), Ольга Ландина, Евгений Задорожнев, Жанна Куанышева, Дәулет Кекілбаев, Бағлан Нүрекенова сынды жас әрі танымал актерлер де ойнайды.

Кинотуындыны ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының» қолдауымен «SMAG Production» киностудиясы түсірген.

Нұр ЖАМАЛ.



(Сурет: Мәдениет және ақпарат министрлігінен)

ЮЛИАН КҮНТІЗБЕСІ

«ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА...»

Ескі жаңа жыл – тарих пен мәдениет тоғысқан ерекше мереке

Ескі Жаңа жыл – бұл ерекше дәстүрдің бір көрінісі, ол Григориан және Юлиан күнтізбелері арасындағы айырмашылықтың нәтижесінде қалыптасқан. 1918 жылы Григориан күнтізбесі ресми түрде енгізілгеннен кейін, кей елдерде дәстүрлі Юлиан күнтізбесі бойынша 13 қаңтардан 14 қаңтарға қараған түні ескі Жаңа жыл мерекесі ретінде атап өту дәстүрі сақталып қалды. Бұл ерекше күнді атап өтетін халықтар арасында Ресей, Украина, Беларусь, Сербия, Македония, Молдова сияқты елдер бар. Жалпы, Григориан күнтізбесі бүкіл әлемге таралды. Біз құрамында болған Кеңес Одағына ол 1918 жылы енгізілді. 1918 жылдың 24 қаңтарында «Батыс Европа күнтізбесінің Ресей мемлекетіне енгізілуі туралы» В.И. Ленин қол қойған декрет қабылданды. Бұл кезде «Юлий» және «Григорий» күнтізбелерінің арасындағы алшақтық 13 күнге жеткен еді (1700 жылы екі күнтізбедегі айырмашылық 10 күн болғанын жоғарыда айтқанбыз). Декретте көрсетілгендей, 1918 жылдың 31 қаңтарынан кейінгі күн 1 ақпан емес, 14 ақпан болып есептелді. Осы өзгерістен кейін, 1919 жылдан бері ескіше жаңа жыл қаңтардың 13-інен 14-іне қараған түні тойланып келеді.

Рая ЕСКЕНДІР

Бұл күн православие шіркеуі үшін ерекше маңызға ие, себебі, 14 қаңтарда ескі күнтізбе бойынша Әулие Василий күні тойланады екен. Осыған орай, көптеген православиелік елдер-



(Дереккөзі: www.marieclaire.ru)

де адамдар шіркеуге барып, дұға етеді, жаңажылдық дастархан жайып, отбасылық дәстүрлерін ұстанады.

Әртүрлі мәдениеттің бір бөлшегі

Әлем халқы ескі Жаңа жылды атап өту барысындағы салт-дәстүрлермен де ерекшеленеді. Мәселен, Ресейде ескі Жаңа жыл әсіресе алыс ауылдық жерлерде кеңінен тойланады. Қыстың сары аясына тұспа-тұс келген мерекенің дастарханы да барынша мол болады. Бұл мерекенің ерекшелігі де осында, дастарханға түрлі дәмді әрі дәстүрлі тағамдар әзірленіп, қаймақ қосылған құймақ, ег, тұшпара, дәмді пирог қойылады. Тіпті, кей жерлерде қыз-келіншектер болашағын болжап, балауыз жағып, ырым-тыйым жасайды.

Сербияда ескі Жаңа жылды «Серб жаңа жылы» деп атап, отбасылық кешкі ас ұйымдастырады. Бұл күнді халық жаңа

жылдың тағы бір мүмкіндігі деп қарастырады және жақындарына сыйлықтар береді. Молдова мен Румынияда ескі Жаңа жыл ауылдық жерде ерекше атап өтіледі. Жастар тобы үйлерді аралап, жаңа жылдық әндер айтады, бұл оларда «Қаланда» деп аталады. Ал, Шотландияда ескі жылды жағып жіберу дәстүрі бар. Бұл ескі жылдың қиындықтарын отқа жағу арқылы жаңа жылды тазалықпен бастау деген сенімді білдіреді.

Күнтізбедегі ерекшелік қана емес, дәстүр мен тарихтың да үйлесімі

Қазақстанда ескі Жаңа жыл кең көлемде тойланбағанымен, кейбір аймақтарда, әсіресе, славян ұлты өкілдері көп шоғырланған өңірлерде бұл күн ерекше көңілмен атап өтіледі. Көпшілік бұл мерекені жақындарымен бірге қарсы алып, дәстүрлі дастархан дайындап, жақсылық тілеп, өткен жылдың қорытындысын жасайды. Келер күннен үміт күтіп, өткен өкініштердің орнын толтыруды мұрат тұтады.

Сонымен қатар, қазақстандықтардың көпшілігі бұл күнді христиан дініне тән мереке деп білсе де, оны көпұлтты елде әртүрлі мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қабылдайды. Сонымен, ескі Жаңа жыл дегеніміз – бұл тек күнтізбедегі ерекшелік қана емес, дәстүр мен тарихтың да үйлесімі. Тіпті, бұл күн әр халықтың өз мәдени мұрасына деген құрметін көрсетеді. Қазіргі заманда бұл мереке жылды тағы бір рет жаңадан бастауға, өткен қателіктерден сабақ алуға және болашаққа жоспар құруға мүмкіндік беретін символикалық сәт ретінде бағаланып отыр.

Ескі Жаңа жыл – жаңа мүмкіндіктер мен үміттің мерекесіне айналды. Сондықтан бұл күнді әркім өзінің салтына сай, жақындары мен достарының ортасында, шынайы қуанышпен атап өтеді. Мәселен, бұл күні Польша елінде күні-түні карнавалдық кештер өткізеді екен. Сосын, адамдар бет-жүзін түрлі бояумен бояп алып, көшені түрлі шаммен безендіреді. Жаңа жыл келісімен түнгі 00.00-де қала тұрғындары шарларды жара бастайды екен. Италияда тұрғындар ескі заттарын терезеден далаға лақтыратын көрінеді. Әрине, қоқысқа кеткен заттардың орнына жаңасын алады. Бұл да өзінше бір ырым болса керек. Венгрия жұртшылығы ескі Жаңа жылды ысқырып қарсы алады екен. Яғни ысқырық арқылы жын-шайтандарды қуады-мыс. Бізде керісінше ысқырса жел соғады немесе ақша болмайды деген түсінік қалыптасқан. Кубалықтар үйдегі барлық ыдысты суға толтырып, Иран елінде қолына күміс тиын ұстап тұруы керек. Ол жыл бойы қолында ақша болады деген түсінікті білдіретін көрінеді. Сонымен қатар, әлі күнге дейін ескі Жаңа жыл қарсаңында кір жууға, жаюға, сондай-ақ еден жууға болмайды деп те жатады.

Тіпті, кей халықта ескі Жаңа жыл түні шаш кино, тырнақ алу жаман ырым саналады екен. Сондай-ақ, түйме қадауға, киім жамауға болмайды деп те жатады. Дегенмен, соңғы жылдары жұлдызнамашыларға сеніп, олардың айтқанын бұлжытпай орындайтындардың да қатары арта бастады.